

## Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика агенттігінің мәселелері

### **Күшін жойған**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 16 қыркүйек N 907.  
Күші жойылды - КР Үкіметінің 1999.09.21. N 1433 қаулысымен. ~P991433

Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік басқаруды оңтайландыру жөніндегі бұдан былайғы шаралар туралы" 1998 жылғы 30 маусымдағы N 3986 U983986\_ Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1-6.

<\*>

ЕСКЕРТУ. 1-6-тармақтардың күші жойылды - ҚРУ-нің 1999.03.30.

N 325 қаулысымен.

P990325\_

7. "Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдары аппараттарының санын және оны ұстауға арналған шығындарды қысқарту" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 21 қарашадағы N 1425

P961425\_

қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

аталған қаулының "Респубикалық бюджеттен қаржыландырылатын орталық атқарушы органдардың аумақтық бөлімшелері қызметкерлерінің шекті саны" деген 1-қосымшасында:

"Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі Ұлттық статистика агенттігінің статистика жөніндегі органдары 383" деген жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика агенттігінің статистика жөніндегі органдары 371".

8. "Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің Статистика және талдау жөніндегі комитетінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің

1997 жылғы 18 желтоқсандағы N 1776 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы. 1997 жылғы 54, 494-құжат) күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі  
Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1998 жылғы 16 қыркүйектегі  
N 907 қаулысымен  
бекітілген

Қазақстан Республикасының Ұлттық статистика  
агенттігі туралы  
ЕРЕЖЕ

Миссиясы: объективті статистикалық ақпаратты жинау мен таратуды қамтамасыз ету, орталық атқарушы органдарының статистикалық қызмет саласындағы жұмысын үйлестіру.

## 1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық статистика агенттігі (бұдан әрі - Агенттік) Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрамына кірмейтін орталық атқарушы орган болып табылады, ол мемлекеттік статистика саласында мемлекеттік басқаруды, сондай-ақ зандарға сәйкес арнайы функцияларды жүзеге асырады.

Агенттік елдегі мемлекеттік статистиканы ұйымдастырады, салааралық үйлестіруді жүзеге асырады, статистика саласында мемлекеттік саясат пен жетілдіру бағдарламаларын әзірлеп, іске асырады.

Агенттік республикалық, аумақтық және салалық деңгейде бірынғай статистикалық ақпараттық жүйені бірынғай статистикалық стандарттар негізінде жасауға және оның сенімді жұмыс істеуіне жауапты.

Агенттік статистикалық есеп әдістемесі мен әдістері мәселелерінде тәуелсіз, статистикалық деректердің халықаралық деңгейдегі объективтілігі мен әдістемелік салыстырмалылығын қамтамасыз етеді.

Агенттіктің өз құзыретінің шегінде қабылдаған шешімдері барлық органдардың, үйымдардың, лауазымды адамдар мен азаматтардың орындауы үшін міндettі болып табылады.

2. Агенттік өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, езге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Агенттіктің аппараты мен оның аумақтық органдарын ұстауға

арналған шығыстарды қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

4. Агенттіктің құрылымы мен штат санын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

5. Агенттік заңды тұлға болып табылады, оның банкте шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және өз атауы мемлекеттік тілде жазылған мөрі болады.

## 2. Агенттіктің басымдықтары

6. Агенттік қызметінің басымдықтары мыналар болып табылады:

- 1) мемлекеттік статистика саласындағы жұмыстарды мемлекеттік басқару, үйлестіру;
- 2) халықаралық талаптарды ескере отырып, статистикалық қызметті жүйелі реформалау;
- 3) жаңа ақпараттық технологияларды енгізу;
- 4) статистикалық көрсеткіштердің объективтілігі мен транспаренттілігін қамтамасыз ету.

## 3. Агенттіктің міндеттері

7. Агенттіктің міндеттері мыналар болып табылады:

- 1) статистика саласында мемлекеттік саясатты жүргізу және оған басшылық жасау;
- 2) ғылыми әдістер мен халықаралық стандарттардың негізінде бірыңғай статистикалық ақпарат жүйесін жасау, іске қосу және жетілдіру;
- 3) статистикалық көрсеткіштердің тұтастырын, анықтығы мен

жеткіліктігін қамтамасыз ету;

4) елімізде болып жатқан экономикалық және әлеуметтік процестер мен олардың даму үрдісін жан-жақты әрі объективті түрде зерделеу, қорыту және талдау.

#### 4. Агенттіктің функциялары

##### 8. Агенттік өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес:

Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару органдары мен шаруашылық жүргізуши субъектілерінің қызметін статистикалық деректермен ақпараттық қамтамасыз етеді;

Қазақстан Республикасында мемлекеттік статистиканы жетілдіру жөніндегі бағдарламаларды жасап, жүзеге асырады;

Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін статистикалық жұмыстардың жоспарына сәйкес мемлекеттік статистикалық байқаулар жүргізеді және мемлекеттік органдарды Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тәртіп бойынша статистикалық ақпаратпен қамтамасыз етеді;

статистикалық қызметпен айналысатын орталық атқарушы органдардың қызметін үйлестіреді;

елдің және оның аймақтарының әлеуметтік-экономикалық жағдайы туралы деректердің ақпараттық-статистикалық деректер базасының жинақталуын, жүргізуі мен өзектілігін қамтамасыз етеді;

Мемлекеттік статистикалық регистр, сондай-ақ Агенттіктің құзыретіне жататын техникалық-экономикалық және әлеуметтік ақпараттың жалпы жіктегіштері мен кодтау жүйелерін жүргізу жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

әлеуметтік-экономикалық және демографиялық процестерді бейнелейтін мемлекеттік және салалық статистикалық есептілік көрсеткіштерінің ең аз құрамын айқындайды, халық санағын жүргізеді, ұйымдарда конъюнктуралық сұрауларды, халықтың өмір сүру деңгейін зерттеу жөніндегі сұрауларды және басқа да арнайы тексерулерді ұйымдастырады;

статистикалық есептілік нысандарын, байқаулар мен сұраулардың сауалнамаларын әзірлеп, бекітеді, оларды ұсынудың мерзімдері мен тәртібін белгілейді;

халықаралық ұйымдарға статистикалық ақпаратты қолданылып жүрген шарттардағы міндеттемелерге сәйкес береді, сондай-ақ шет елдермен статистикалық ақпараттар алмасады;

статистикалық жинақтарды, бюллетеньдерді, экономикалық шолулар мен басқа да статистикалық материалдарды басып шығарады және таратады;

мемлекеттік және коммерциялық құпиялардың сақталуын, бастапқы статистикалық ақпараттың құпиялығын қолданылып жүрген заңдарға сәйкес қамтамасыз етеді;

статистикалық ақпарат жүйесін дамытудың және оның жұмыс істеуінің, республиканың және халықаралық ұйымдардың басқа да ақпарат жүйелерімен өзара іс-әрекетінің аса маңызды проблемалары бойынша ғылыми-зерттеу және жобалау жұмыстарын ұйымдастырады;

статистика органдарының қызметкерлерін даярлауды, қайта даярлауды және олардың кәсіптік біліктілігін арттыруды ұйымдастырады;

Қазақстан Республикасының заңдарымен өзіне жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

## 5. Агенттіктің құқықтары

9. Агенттік өзіне жүктелген тапсырмаларды жүзеге асыру және міндеттерді орындау кезінде мынадай құқықтарды иеленеді:

Агенттік белгілеген мерзімдерде мемлекеттік органдар мен басқа да ұйымдардан ақпаратты сұрату және алу;

зандарда белгіленген реттерде жеке тұлғалардан олардың экономикалық және әлеуметтік-демографиялық жағдайы туралы, сондай-ақ кәсіпкерлік қызметі туралы ақпаратты сұрату және алу;

мемлекеттік статистикалық байқаулар, талдау жүргізу және статистиканы жетілдіру үшін мемлекеттік басқарудың басқа да органдарының мамандарын, сондай-ақ шетелдік және жергілікті сарапшылар мен мамандардың белгіленген тәртіппен жұмысқа тарту;

өз құзыретінің шегінде шет елдердің тиісті ведомствоаралымен халықаралық ұйымдарымен және шет елдің заңды ұйымдарымен мемлекеттік статистиканың міндеттерімен байланысты халықаралық шарттар жасасу, келіссөздер жүргізу және келісімдерге қол қою;

мемлекеттік статистиканы жетілдірудің және қызметті үйлестірудің аса маңызды проблемаларын шешу үшін ведомствоаралық ғылыми-әдістемелік және сараптық кеңестер, сондай-ақ орталық және жергілікті атқарушы органдардың, халықаралық ұйымдарды қоса алғанда, басқа да ұйымдардың, өкілдерінің қатысуымен әрі келісуімен жұмыс топтарын құру;

Агенттіктің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша кеңестер, семинарлар, конференциялар мен халықаралық симпозиумдар өткізу;

зандарда белгіленген реттерде мемлекеттік статистика саласында бақылауды

жүзеге асыру;

қажет болған жағдайда бастапқы және жиынтық статистикалық деректердің анықтығын тексеру;

өз құзыретінің шегінде мемлекеттік статистика мәселелері жөнінде нормативтік құқықтық актілер шығару;

мемлекеттік органдар статистика саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыруға кедергі келтіретін нормативтік актілер қабылдаған ретте оларды жою немесе өзгерту туралы оларға ұсыныс енгізу;

бейіндік тақырыптама бойынша статистикалық және өзге де жұмыстар жүргізу, сондай-ақ заңды және жеке тұлғаларға статистикалық ақпаратты белгіленген тәртіппен сатуды жүзеге асыру;

заңдарда белгіленген реттерде Агенттікке ведомствоның бағыныстағы мемлекеттік кәсіпорындар мен басқа да ұйымдардың құрылтайшысы болу, олардың жарғыларын бекіту, оларға қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функцияларын жүзеге асыру;

заңдарда белгіленген тәртіппен өз өкілеттіктері мен функцияларының бір бөлігін ведомствоның бағыныстағы ұйымдарға беру;

заңдарда белгіленген тәртіппен Агенттікке ведомствоның бағыныстағы ұйымдарды құру, қайта ұйымдастыру және тарату мәселелерін шешу;

қолданылып жүрген заңдарға сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асыру.

## 6. Агенттік пен оның лауазымды адамдарының жауапкершілігі

10. Агенттік заңды тұлға ретінде Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарының нормаларына сәйкес өзіне жүктелген міндеттердің уақытылы әрі сапалы орындалуына жауап береді.

Агенттіктің өзіне жүктелген міндеттерді орындауына және өз функцияларын жүзеге асыруына Агенттіктің Төрағасы жеке жауап береді.

Агенттіктің құрамына кіретін ұйымдар мен аумақтық органдардың өздеріне жүктелген міндеттерді орындауына және өз функцияларын жүзеге асыруына олардың басшылары жеке жауап береді.

11. Агенттіктің орталық аппаратының, оның аумақтық органдарының қызметкерлері өздерінің лауазымдық міндеттерін орындағаны немесе тиісті түрде орындағаны үшін қолданылып жүрген заңдарда белгіленген тәртіппен жауап береді.

## 7. Агенттіктің қызметін ұйымдастыру

12. Агенттікті Төраға басқарады, оны Қазақстан Республикасының Үкіметі

қызметке тағайындаиды және қызметтен босатады. Агенттік Төрағасының екі орынбасары болады, оларды Агенттік Төрағасының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындаиды және қызметтен босатады.

Төраға Агенттіктің жұмысын ұйымдастырып, басқарады, аумақтық органдардың және өз құзыретінің шегінде өзіне ведомствонық бағыныстағы ұйымдардың қызметін бақылайды.

### 13. Агенттіктің Төрағасы:

өз орынбасарларының, Агенттіктің құрылымдық бөлімшелері басшыларының және басқа да жауапты қызметкерлерінің өкілеттіктері мен міндеттерін белгілейді;

Агенттіктің қызметкерлерін қызметке тағайындаиды, және қызметтен босатады;

қолданылып жүрген зандарға сәйкес Агенттікті барлық мемлекеттік органдар мен басқа да ұйымдарда білдіреді;

Агенттіктің құрылымын және оның бөлімшелері мен аумақтық органдары туралы ережелерді, сондай-ақ өзіне ведомствонық бағыныстағы кәсіпорындардың және зандарда белгіленген реттерде басқа да ұйымдардың жарғыларын бекітеді;

өз құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

14. Агенттікте құрамына Агенттіктің Төрағасы, оның орынбасарлары, орталық аппараттың құрылымдық бөлімшелерінің басшылары және ведомствонық бағыныстағы ұйымдардың өкілдері кіретін алқа құрылады.

Алқаның жеке құрамын Агенттіктің Төрағасы бекітеді.

15. Агенттіктің жүйесіне оның орталық аппараты, аумақтық органдары, сондай-ақ "Қазақстан Республикасының Ұлттық статистика агенттігінің Ақпараттық-есептеу орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны және Кадрларды даярлау, қайта даярлау және біліктілігін

арттыру институты кіреді. Оларды Агенттіктің Төрағасы қызметке тағайындаитын және қызметтен босататын басшылар басқарады.

Агенттіктің аумақтық органдары занды тұлғалар болып табылады. Агенттіктің қызметін қамтамасыз ететін аумақтық органдар мен ұйымдардың тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1998 жылғы 16 қыркүйектегі

N 907 қаулысымен  
бекітілген

Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика агенттігінің  
қарауындағы аумақтық органдар мен ұйымдардың  
ТІЗБЕСІ

Ақмола облыстық статистика басқармасы  
Ақтөбе облыстық статистика басқармасы  
Алматы облыстық статистика басқармасы  
Атырау облыстық статистика басқармасы  
Шығыс Қазақстан облыстық статистика басқармасы  
Жамбыл облыстық статистика басқармасы  
Батыс Қазақстан облыстық статистика басқармасы  
Қарағанды облыстық статистика басқармасы  
Қызылорда облыстық статистика басқармасы  
Қостанай облыстық статистика басқармасы  
Маңғыстау облыстық статистика басқармасы  
Павлодар облыстық статистика басқармасы  
Солтүстік Қазақстан облыстық статистика басқармасы  
Оңтүстік Қазақстан облыстық статистика басқармасы  
Астана қалалық статистика басқармасы  
Алматы қаласының статистика басқармасы

"Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика агенттігінің  
Ақпараттық-есептеу орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны  
Кадрларды даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру  
институты.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1998 жылғы 16 қыркүйектегі  
N 907 қаулысымен  
бекітілген

Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика  
агенттігінің  
ҚҰРЫЛЫМЫ

## **Басшылық**

Статистикалық әдістер, жіктемелер және стандарттар басқармасы  
Талдау және конъюнтуралық зерттеулер басқармасы  
Ұлттық шоттар басқармасы  
Сыртқы экономикалық қызмет статистика басқармасы  
Ауыл, орман және балық шаруашылықтары статистика басқармасы  
Өнеркәсіп статистикасы басқармасы  
Құрылымың және инвестициялар статистикасы басқармасы  
Қызмет көрсету, ішкі сауда, көлік және байланыс статистикасы  
басқармасы  
Әлеуметтік және демографиялық статистика басқармасы  
Баға және үй шаруашылығы статистикасы басқармасы  
Халықаралық статистикалық ынтымақтастық бөлімі  
Кадр және арнайы жұмыс бөлімі  
Статистикалық жұмыстарды жоспарлау және қаржыландыру бөлімі  
Бухгалтерлік есеп және есептілік бөлімі  
Құжат айналымы бөлімі  
Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика агенттігінің Астана  
қаласындағы өкілдігі